

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ертегіні тауып айт

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.11.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/91020/>

№5 Ақсұңқар ересек тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің тех картасы.

Күні, айы, жылы: 16.11.20ж

Тәрбиеші: Орунханова А

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: Ертегіні тауып айт

Мақсаты:

Білімділік: Сұраққа жауап беруде, ертегі жолдарын қолдану арқылы, толық сөйлеммен айта білуге үйретуді жалғастыру;

Дамытушылық: Ертегіні қайталап айта білу біліктігін дамыту;

Тәрбиелік: Бір-бірін алдамауға және достыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Әтештің дауысы жазылған ұнтаспа, тіл дамыту дәптері.

Әрекет кезеңдер	Тәрбиешінің іс - әрекетті	Балалардың іс - әрекетті
Мотивациялық қозғаушы	<p>Ұнтаспа арқылы әтештің таңды шақырған дауысын тыңдату. Балалар естіген дауысын салу керек. -Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре-ку -Балалар бұл ненің дауысы? -Әтеш үй құсы ма? Әлде дала құсы ма?</p>	<p>Балалар қызығушылық танытады. Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре-ку Бұл әтештің дауысы Әтеш үй құсы</p>

<p>Ізденуші ұйымдастырушы</p>	<p>«Ә» дыбысына жаттығу орындау. Ә-ә-ә-ә-ә – әтеш Ә-ә-ә-ә-ә – әтір Ә-ә-ә-ә-ә – әк Әт-әт-әт-әт – әткеншек Ертегі оқу: «Әтешпен Тотықұс» Ертегіні оқып болған соң, сұрақ-жауап. Сергіту жаттығуы Қанатымды жазамын Жоғары-төмен қағамын Биік көкте айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын. -Балалар, құстар немен қоректенеді? -Ал қандай құстарды білесіңдер? Дәптермен жұмыс: Тіл дамыту дәптеріндегі «Қай сурет артық?» тапсырмасын орындату. Ойын: «Ұшты-ұшты не ұшты?» Мақсаты: баланы тез ойлануға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Балалар тәрбиешінің сөзін қайталайды. Ертегіні мұқият тыңдайды, түсінбегенін сұрайды. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Балалар сергіту жаттығуын қимыл-қозғалыспен орындайды. Құрт-құмырсқа , өсімдік жемістері, және дәндермен қоректенеді. Қырлығаш, торғай, бұлбұл т.б. Балалар тапсырманы мұқият орындайды. Балалар ойынның шарттын мұқият тыңдап, ойынды қызығушылықпен ойнайды.</p>
<p>Рефлексті коррекциялаушы</p>	<p>Ертегін әңгімелеген уақытта, толық сөйлем құрауға үйрету. Балаларды мадақтап, сабақты қорытындылау.</p>	<p>Балалар толық сөйлем құрауға талпынады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені білуі керек: Құстар қалай пайда болатындығын білу;

Нені игереді: Құс ұясын жасауды;

Нені біледі: Құстар біздің досымыз екендігін біледі.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.